

**Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген  
нысандары үшін жазаны қатаңдату туралы мәселелерді талқылау  
қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата отырысының  
ҰСЫНЫМДАРЫ**

2023 жылғы 29 қыркүйекте VIII сыйланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті.

Қоғамдық палата мүшелері кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны қатаңдату мәселелерін талқылады. Жазаны қатаңдату туралы тапсырманы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында айтты.

Жалпы Қоғамдық палата мүшелерінің пікірінше, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықпен күресу мәселесі кешенді сипатта болады. Мұнда оның барлық аспектілерін зерттеу маңызды – әлеуметтік, психологиялық, құқықтық.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және анықтау, отбасылық құндылықтарды, гуманизмді кеңінен насиҳаттау бірінші орында болуға тиіс.

Қылмыскерлер үшін тежеуші және қорқынышты фактор, ең алдымен, жазаның бұлтартастығы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бейінді  
комитеттері мен уәкілетті мемлекеттік органдар:**

- жалпы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі жол картасын әзірлеу туралы мәселені қарау, онда осы мәселелер бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл нақты көрсетілетін болады;

- әлеуметтік, құқықтық, психологиялық көмек көрсетілетін, участекілік қызметтермен өзара іс-қимылда отбасыларды сүйемелдейтін ел өнірлерінде отбасын қолдау орталықтарын ашуды жеделдету;

- кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың алдын алу мақсатында олардың себептері мен жағдайлары туралы мамандарды, сарапышыларды (криминологтарды, әлеуметтанушыларды, психологтарды) тарта отырып, кешенді ұлттық зерттеу жүргізу. Осы зерттеулерге сүйене отырып, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың кешенді жоспарын жасау;

- әлеуметтанушылардың, психологтардың, педагогтардың қатысуымен жасөспірімдер арасында, оның ішінде жас балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық күлті бойынша арнайы зерттеу жүргізу;

- кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар жасауга байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (Қылмыстық кодекс) 121 (барлық бөліктері), 122, 123 және 124-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қоғамдық қудалау және айыптау (ауырлық дәрежесіне қарамастан) түрлеріне жатқызу туралы мәселені қарау;

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілеттігіне ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарды тіркеуді тұрақты мониторингілеу және бақылау функцияларын енгізу;

- кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстар статистикасына жаңа туған баланы анасының өлтіруін енгізу мәселесін қарау (Қылмыстық кодекстің 100-бабы);

- әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты криминалданыруға және қайта зорлық-зомбылыққа жол бермеу шараларын әзірлеу. Осы мақсатта Қылмыстық кодексте де қылмыстың дербес құрамы ретінде «отбасындағы зорлық-зомбылық» атты жеке бап енгізу;

- зорлық-зомбылық қуәгерлері бойынша статистиканы қалыптастыру бөлігінде Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына өзгерістер енгізу (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары

- Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына 6-қосымша);

- «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының глоссарийіне «құқық бұзушыға арналған түзету бағдарламасы», «тәуекелдерді бағалау - отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол беретін адамдармен жұмыс» деген ұғымдарды енгізу;

- адамды түзету бағдарламаларына тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларының тізбесіне («Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағы) адамды түзету бағдарламаларына қосу деген шараны енгізу;

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының кодексіне мынадай өзгерістер енгізу: неке бұзылған кезде бала осы тұрғын үйді меншік иесінің (екінші ата-анасының) кәмелетке толғанға дейін иеліктен шығаруына тыйым сала отырып, бала тұрғын үйде (ерлі-зайыптылардың қайсысына меншік құқығында тиесілі болса да) тұрады;

- Қылмыстық кодекстің 105-бабының (Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу) кінәлі адамға дәрменсіз күйде еkenі көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық немесе өзгедей тәуелді адамға қатысты адамды өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізгені үшін жазаны қатаңдату бөлігінде редакциясын өзгерту;

- Қылмыстық кодекстің 105-бабында (Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу) кінәлі адамға жүктілік жағдайда еkenі көрінеу белгілі әйелге қатысты осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасау түріндегі саралау белгісін белгілеу;

- екі немесе одан да көп адамның өз-өзіне қол жұмсауына әкеп соққан іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу;

- өз-өзіне қол жұмсауга итермелегені немесе өз-өзіне қол жұмсауға жәрдемдескені үшін, сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсауды насихаттағаны үшін қылмыстық жауаптылықты енгізу;

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 180-бабына тиісті толықтыру енгізе отырып, жеке тұлғаның өзін-өзі өлтіру фактісі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп болып табылады деп белгілеу;
- балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездікпен байланысты барлық қылмыстар бойынша тараптардың татуласуын болғызыбау;
- білім беру үйымдарының лауазымды тұлғаларының құқық қорғау органдарына буллинг жағдайлары туралы хабарлау міндеттілігін заң жүзінде бекітіп, мұндай жағдайларды жасырғаны үшін жауаптылық енгізу;
- Қазақстан заңнамасында осындай құқық бұзушылықтардың алдын алуудың, анықтаудың және оларды жауаптылықта тартудың нақты тетігін жаза отырып, буллингке қарсы күрестің халықаралық тәжірибесін зерделеу және олар үшін жазаны қатаңдату;
- Қазақстан 2023 жылғы 7 ақпанда қол қойған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы Конвенциясына 3-ші Факультативтік хаттаманы ратификациялауды жеделдетеу;
- заңнамада кәмелетке толмағандардың мемлекеттік (оның ішінде құқық қорғау) органдарына зорлық-зомбылық және буллинг туралы хабарлай отырып жүгінуге арнайы құқығын көздеу және мемлекеттік органдарды осындай хабарламаны қабылдауға міндеттеу;
- мектептерде «адам құқығы» пәнін енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- барлық мектептердің жарғыларына буллингке тыйым салуды енгізу;
- медиацияны басқа пәндер шенберінде психолог-медиатор, сондай-ақ мектептердегі медиация қызметтері жүргізетін мектеп бағдарламасына пән ретінде енгізу туралы мәселені қарau;
- балаларға мүгедек құрдастарына қатысты мінез-құлық негіздерін түсіндіру үшін мектептерде «мейірімділік сабактарын» енгізу;
- мектеп педагогтері үшін міндетті оқытуды үйымдастыру және өткізу, оның шенберінде педагогтер буллинг белгілерін тану бойынша білім мен дағдыларды алу, оған дұрыс жауап беру және осы мәселе бойынша оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істеу. Сондай-ақ кез келген зорлық-зомбылыққа тәзбеушіліктің психологиялық қолайлary атмосферасын құру бойынша тренингтер өткізу;
- буллинг жағдайлары туралы деректерді жинауды және талдауды тұрақты негізде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірыңғай мониторинг жүйесін енгізу, бұл проблеманың динамикасын бақылауға және оның алдын алу жөніндегі шараларды түзетуге мүмкіндік береді;
- көптеген балалар буллинг туралы хабарлауға кедергі болатын ықтимал салдардан қорқатынын ескере отырып, буллинг туралы хабарлаған және нақты қауіп төніп тұрган балаларға күәгерді қорғау тетіктерін таратуды қарастыру;
- буллинг проблемалары туралы жасырын түрде хабарлауға мүмкіндік беретін арнайы «сенім телефонын» немесе интернет-платформаны жасау, бұл ақпарат берушілерге салдардан қорықпауға мүмкіндік береді;
- тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардал шеккен балаларға арналған арнайы оңалту бағдарламаларын әзірлеу;

- дағдарыс орталықтары желісін дамыту үшін бюджеттік қаржыландыруды ұлғайту;
- тиісті сараптамалық және зерттеушілік қамтамасыз етуді жүргізе отырып, балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күреске жеке бюджеттік қаржыландыруды көздеу;
- балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі үәкілетті мемлекеттік органдарды үйлестірді жақсарту, сондай-ақ әл-ауқаты тәмен отбасылардың бірыңгай электрондық базасын құру және оған осы үәкілетті органдар қызметкерлерінің өзекті ақпаратты енгізу мүмкіндігінің болуы;
- балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларына маманданған әлеуметтік қызметкерлерді әлеуметтік қорғау жүйесіне (мамандық психология, құқық, оның ішінде отбасы, медициналық көмек негіздері бойынша даярлықты қамтуы тиіс) енгізу; олар зорлық-зомбылықтың төтенше жағдайларына, оның ішінде сексуалдық жағдайларға дейін жеткізбеу үшін отбасыларды, балаларды, тәуекел топтарды уақтылы анықтаап, олармен бірге жүргуге тиіс;
- балалар және спорт үйірмелері мен секцияларының қызметкерлері үшін біліктілік талаптарын енгізу;
- отбасының цифрлық картасы шеңберінде әлеуметтік осал отбасылар олардың қамқорлығына және мониторингіне алынуы үшін кәсіби әлеуметтік қызметкерлерді енгізу.

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің жанындағы  
Қоғамдық палатаның төрағасы**


**А. САРЫМ**